

this way: “My nose: elephantine as the trunk of Ganesh, it should, I thought, have been a superlative breather” [1, p.214] and on the contrary, Shiva represents the alternative side of India, the desire for power by force: separatism, destruction, self-destruction. In this respect, Shiva is suspected of killing human beings with his powerful and strong knees, while Saleem uses his nose to discover the most decrepit nations in the city. Knees and nose – just like Saleem and Shiva, creation and destruction, victim and victor, union and negation, faith and humility – are inextricably related.

References:

1 *Rushdie, Salman. Midnight's Children. London: Vintage Books, 2006. – p. 647.*

2 *Chevalier Jean and Gheerbrand Alain, Dicționar de simboluri, București, ed. Artemis. 1993. – p. 416.*

3 *Derek Parfit, Reasons and Persons in Secolul XXI. – p. 161.*

4 *Yates A. The Art of Memory. – p. 400.*

МРНТИ 17.09

<https://doi.org/10.51889/2020-2.1728-7804.57>

Таңжарықова А.,¹ Сатемирова Д.,² Келгембаева Б.³

^{1,2} *Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,
Алматы, Қазақстан*

³ *С. Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан мемлекеттік университеті
Өскемен, Қазақстан*

ҚАЗАҚ ПРОЗАСЫНДАҒЫ МИФТІҢ КӨРКЕМДІК ҚЫЗМЕТІ

Аңдатпа

Қазіргі қазақ прозасындағы мифтің әр түрлі мағынада қолдануы оқырманда қызығушылық туғызады. Бұл авторлардың әр түрлі әдеби бағытқа қатысын мифте берілген идеяларды көрсету үшін негізгі мифемдерді таңдауда қалай берілетінін анықтауға мүмкіндік береді. Мифтерді қолдана отырып, автор, бірнеше дәстүрмен диалогқа түседі, екіншіден белгілі мифологиялық сюжетті қайта түсіндіреді, өз образын жасайды, соның нәтижесінде баяндауды мифтендіру іске асады. Бас кейіпкердің мифологиялық дүниетанымы уақыт пен кеңістікке ерекше қабылдаумен сипатталады. Бұл ғылыми мақалада қазақ прозасындағы фольклорлық мифтердің қолданылу ерекшеліктеріне талдау жасалып, олардың көркемдік қызметі анықталады. Қазақ прозасында ХХ ғасырдың аяғында мифке деген қызығушылықтың жандана бастауының алғышарттары нақтыланады. Қазақ прозасындағы мифологиялық дәстүрлер жаңа әдеби тенденциялардың өзара байланысы қарастырылады. Шынайы өмірді тұрақты мифологиялық модельдер мен образдар арқылы берудегі мифтің көркемдік қызметі анықталады.

Түйін сөздер: Реминисценция, фольклор, ежелгі наным-сенімдер, мифопоэтика, мифтер, мифтік образдар, мифтік аңыз, әдеби көркемдік әдістер, мифологиялық құрылым

Tanzharikova A.,¹ Satemirova D.,² Kelgembayeva B.³

^{1,2} *Kazakh National Pedagogical University after Abay,
Almaty, Kazakhstan,
S.Amanzholov East Kazakhstan State University,
Ust-Kamenogorsk, Kazakhstan*

ARTISTIC FUNCTION OF MYTH IS IN KAZAKH PROSE

Abstract

The use of the myth in modern Kazakh prose in different senses is of interest to the reader. This allows us to determine how the authors' attitudes towards different literary trends are conveyed in the choice of basic myths to reflect the ideas presented in the myth. Using myths, the author enters into a dialogue with several traditions, and secondly, reinterprets a well-known mythological plot, creates his own image, as a result of which the narrative becomes a myth. The protagonist's mythological worldview is characterized by

a special perception of time and space. This scientific article analyzes the features of the use of folk myths in Kazakh prose and identifies their artistic function. The prerequisites for renewed interest in myth in Kazakh prose at the end of the 20th century are being clarified. The relationship of mythological traditions and new literary trends in Kazakh prose is considered. The artistic function of myth is determined in the image of real life through mythological models and images.

Keywords: Reminiscence, folklore, ancient traditions and beliefs, mythopoetics, myths, mythical images, mythical legend, literary art methods, mythological structure

Танжарыкова А.,¹ Сатмирова Д.,² Келгембаева Б.³

^{1,2}Казакский национальный педагогический университет имени Абая,
г. Алматы., Казакстан

³ Восточно-Казакстанский государственный университет им. С. Аманжолова
Усть-Каменогорск, Казакстан Қазақстан

ХУДОЖЕСТВЕННАЯ ФУНКЦИЯ МИФА В КАЗАХСКОЙ ПРОЗЕ

Аннотация

Использование мифа в современной казахской прозе в разных смыслах представляет интерес для читателя. Это позволяет нам определить, как авторы относятся к различным литературным тенденциям в выборе основных мифов, чтобы отразить идеи, представленные в мифе. Используя мифы, автор вступает в диалог с несколькими традициями, а во-вторых, переосмысливает известный мифологический сюжет, создает собственный образ, в результате которого повествование становится мифом. Мифологическое мировоззрение главного героя характеризуется особым восприятием времени и пространства. В данной научной статье анализируются особенности использования народных мифов в казахской прозе и выявляется их художественная функция. Уточняются предпосылки возобновления интереса к мифу в казахской прозе в конце XX в. Рассматривается взаимосвязь мифологических традиций и новых литературных тенденций в казахской прозе. Определяется художественная функция мифа в изображении реальной жизни через мифологические модели и образы.

Ключевые слова: Реминисценция, фольклор, древние традиции и верования, мифопоэтика, мифы, мифические образы, мифическая легенда, литературные художественные методы, мифологическая структура

Кіріспе. Қазіргі қазақ прозасындағы миф әр түрлі көркем бағыттар мен жанрларда орнығып қана қоймай, көркем мәтіннің барлық деңгейіне енді. Әсіресе оның реминисценция түрінде көрінуі өте айқын.

Мифологиялық реминисценция жекелеген мифтердің нақты, кейде айқын емес қолданысын немесе олардың белгілі әдеби интерпретациясын байқатады, бұл оқырманның мәдени жадысы мен ассоциативті қабылдауына негізделген сапалы тәсіл болып табылады.

Мифологиялық реминисценция проблемасы В.Б.Шамин, Элиаде М. т.б бірқатар орыс ғалымдары еңбектерінде қарастырылды. Оның кең тараған формаларын мифологиялық персонаж, яғни «мифологиялық ат» мифологиялық сюжет, мифтер мен мифологиялық «архетиптер» [1,16], -деп саралаған.

Әдістеме. Әрине мифологиялық реминисценция шеңбері бұл көрсетілген варианттардан да кең. Мифологиялық реминисценция қатарына цитаталар, қарапайым еске түсірулер мен қатар миф интерпретациясы кейде, олардың жасаушыларының аттары да беріледі. (мысалы Дантениң «Күдіретті комедиясы», О.Мендельштамның «Бессоница», Гомер «Туше перуса» өлеңі).

Мифологиялық реминисценция эксплицитивті (танып білуге есептелген) және имплицитивті (жасырын) болуы мүмкін. Біздің міндетіміз – мифологиялық реминисценциялардың көркем шығарма тініне қалай жымдаса бірігуіне және оның көріну формалары мен функцияларын анықтау.

Қазақ прозасында реминисценция үлгісіне «жезтырнақ» бейнесін алуға болады. Бұл М.Жұмабаевтың «Ертегі» поэмасынан және А.Мекебаевтың «Жезтырнақ» повесінен көрінеді.

«Жезтырнақ» – әйел кейпіндегі жын (дух). Ол орманда өмір сүреді. Жезтырнақ туралы аңыздар көп», – деп жазады Ш.Уәлиханов.

Ертек, ертек, ертек, ертек – ерте екен

Ерте күнде ешкі жүні бөрте екен...

Хан Абылай немересі Кенехан

Аспанға өрлеп, заулап жанған өрт екен [2,16] –

деп басталатын поэмада Сыздық батырға қараңғыда, айдалада жезтырнақты кездестіреді.

Құм астында демі біткен бетпақ шөл,

Сұлу келіншек – жезтырнақ қой қанышер.

Тырнағымды көрсе біліп қалад деп,

Жеңнен қолын шығармаған мәні сол. [2,17].

Ал, А.Мекебаевтың «Жезтырнақ» повесіндегі жезтырнағы былай суреттеледі: «Ең азабы – көз алдына елестейтін қаныпезер қорқаудың өз анасына ұқсайтыны. Сосын еріксіз әжесінің жеңіне күдіктене қарайды. Тұла бойы түршігеді. Ту сыртындағы қоң етіне алмас тырнақты он саусақ сүңгі еніп тұрғандай, жұлын тұтасындағы он нүкте, сыздап сырқырап қоя береді». [3, 234].

М.Жұмабаевтың «Ертегі» поэмасындағы жезтырнағы ол фольклорда ертеден бар жезтырнақ. Ал А.Мекебаевтың «Жезтырнағы» түрленіп, өзгеріп, жаңарып келген жезтырнақ. Екеуі де авторлық танымға қызмет атқарып тұр. М.Жұмабаев Сыздық батырдың қырағылығын, ержүректілігін, батырлығын ашу үшін жезтырнақты қолданып тұрса, ал А.Мекебаевтың «жезтырнағы» бір үйдің шаңырағын ортасына түсіріп, өш алу құралына айналады. Қазақы танымдағы зәрені алатын жезтырнақ образы қолдан жасалып, Тұрманқожа жезтырнақ кейпіне еніп, мола басында құран оқып отырған Жұмағұлды жезтырнақ болып қорқытып, ақыры өлтіріп тынады. «Әзірейіл қол шошаңдататындай, тайраңдап билейтіндей, қарқылдап күлетіндей, артынан айқайлап қол безейтіндей. Ол сана айқындығын үрейдің соқыр тұманымен тұмшалады да манаурай ауырсынып, ұйқыға ұқсас түйсіксіз болмыстың құрдымына шын батты» [3, 230]. Бұл жерде автор оқиға сюжетіне «үрейді» кіргізе отырып, психологиялық сезімдік нақыштарға қатты мән берген. Пері, албасты, жезтырнақтан қорқатын қазаққа «жезтырнақ» атын пайдаланып Тұрманқожа өзінің арам ойын іске асырады. Авторлық ой гротескілі формамен берілген. «Аспанда сұп-сұр, жер де сұп-сұр. Тымырсық көктің төсіне тұтаса түнеріп түбіт жүні түтіле сіркіреген бура бұлттар жерге енді-енді жүрелеп жата кетердей төнеді. Бұтақтары жауынға шалынған жас жыңғылдар қан қызыл. Қара барақтар, итсигектер маужырай тұнып күлтеленіп тұр. Бойына ылғал тартқан бұйрат құмға ат тұяғы тисе астынан бұрқырап құрғақ ақ топырақ көрінеді» [3, 262]. Неліктен автор сұр түсті қалап тұр? Ақын Абай «сұр бұлт түсі суық қаптайды аспан», Д.Г.Байрон «көңілім менің сұп-сұр» деп табиғат пен адам көңілі арасындағы байланысты психологиялық параллелизм әдісімен бейнелегендей «сұр түс» бұл жерде ақкөңілі кірленіп, күдік пен күмән басып, сұп-сұр болып, жезтырнақтан кек алуға бел байлаған кейіпкер характерін береді. Градация формасымен берілген бұл пейзаж көрінісімен осы бір отбасына, Өуез басына төніп келе жатқан қауіп-қатер, трагедияның да ұлғайып келе жатқанын психологиялық параллелизм тәсілімен орынды берген. Автордың айтпағы «жезтырнақ» деген суық сөздің өзі бір отбасына қаншама қайғы, мұң, зар әкелгендігі.

Талқылау. М.Ысқақбаевтың «Ұят туралы аңыз» повесі сонау бағзы замандардан да әрідегі біздің бабаларымыз тәу еткен «Тәңірі» туралы әңгімеленеді.

«Ол өзі бір Жақия да, Бұдда да, Иса да, тіпті Алла-тағаланың өзі де адам санасынан орын тебе қоймаған кез еді. Не жанарымызға сыймайтын, не ақылымызға сыймайтын бүкіл мына жарық дүниені де, Адам ата мен Хауа анадан өзге тірі пенде көріп-білмеген, көзге де, көңілге де қараңғы о дүниені де Тәңірі жеке-дара билейтін» [3, 8].

Ғалым С.А.Қасқабасов «Қазақтың көне мифінде болуға тиісті ілкі ата – демиург бейнесі Тәңір образымен алмастырылған. Ал, Тәңір аспанның әміршісі саналған. Яғни Тәңір – ең жоғарғы құдай, ол аспан мен жердегі тылсым мен тіршіліктің иесі» деген... [4, 96]. М.Ысқақбаевтың «Ұят туралы аңыз» повесін фольклорлық таным пайымымен жасампаздық мифке жатқызуға болады.

Ал жасампаз миф туралы орыс ғалымы Е.М.Мелетинский «Жасампаздық мифтер дегеніміз бүкіл дүниені құрайтын нәрселердің пайда болуын баяндайтын мифтер» деп анықтайды өзінің «Поэтика мифа» атты еңбегінде [5,195].

Бұл мифтік повесте Тәңірі екі періштесін кезек тыңдап, ғаламда болып жатқан өзгерістерді солардың шар айналарынан қарап біліп отырады. Анда-санда жерге қарап, әуелде адамзат атаулы Адам ата мен Хауа ананы пейіштен қуғанда екеу-ақ еді, қазір ұзын саны бірер мың болыпты деп ой түйеді.

Шарапат қашанда ізгілік пен жақсылықтың символы іспеттес. Ал Кесепат болса мүлдем қарама-қарсы. Автор Шарапат пен Кесепатты антитезалық бейнелеу тәсілімен ізгілік пен зұлымдықтың, жақсылық пен жамандықтың қарама-қарсы символы ретінде алған. Дүние дүние болып жаралғалы жұмыр басты пенде бойындағы екіұдай мінез: бірі жамандыққа бастап тұратын – кесепат азғыруы, бірі адамдар үшін жақсылық жасауға бар Шарапаттың іс-әрекеті өмір-бойы бір-біріне кереғар күресіп өтетіні содан екен.

Академик С.Қирабаев «Ұят туралы аңыз» повесін аңыздық сюжетке құра отырып, соның негізінде жазушы адам баласы өмір бойы толғандырып келе жатқан бүкілхалықтық проблеманы – зұлымдық пен адалдықтың күресін бейнелейді. Ертегілік оқиғаларға нақты адам әрекетіне ылайық сипаттар береді. Дүниені жеке дара билеуші Тәңірі де, оның періштелері Шарапат пен Кесепат та Марал повесінде аңыздық күйден көркем бейнеге айналады» [6, 353] деп бағалайды.

Бұл мифтік аңыз шығыстық мотивтегі көне сюжетке құрылған. Жазушы құрғақ баяндаудан гөрі адам тойымсыздығының түп төркіні неде деген сұрақты ортаға салады.

Д.Досжановтың «Тілегімді бере гөр» повесінде Шалқардың шалғай түкпірінде жас журналист жігіт Дана сол маңнан мемлекеттік қорық аштырмақ болады. Жергілікті «Охотсоюздың» қорықшысы, өкіметтің байлығына қолын салып, тегін ішіп-жеп отырған араны ашылған Молдаберді зиянкестік әрекет жасап жас жігітті айдалада соққыға жығып тастап кетеді. Біраз жыл өткен соң Молдаберді ұшты-күйлі жоғалып кетеді. «Ақырында Мәнәулие маңында жапанда шошайып жалғыз отырған жүз жасқа келген аңшы шал айтыпты-мыс деген сөз ел ішінде гу ете түседі. Әлгі аңшы айдалада, киік қарап сандалып жүрсе, бүйірі қабысып бұратылған аш қасқыр көріпті. Құдая тоба, сол қасқырдың көзі құдды Молдабердінің көзі, үні құдды Молдабердінің үні дейді: қарт аңшы қарап тұрып қайран қалыпты, қатты шошыпты, көріп тұрып сенбеуге амалы болмапты. Аш қасқырға айналып айдалаға қаңғып кеткен Молдаберді сол деп иманын айтып жат та қарғаныпты. Бұл қауесетке біреу сенеді, біреу күлді, біреу шошынып ішегін тартты.

Біз айтсақ – үйірінен, туған жерінен қарадай безініп, айдалада алып соғып тояттауға таппай сілесі қатып сенделіп жүрген аш қасқыр – сол Молдаберген дер едік», – деп аяқтайды автор повесті [7, 138]. Бұл повесте автор «аш бөрідей» деп қазақ айтпақшы өмірінде «тою» дегенді білмей, өмірі ашкөзденіп, аш қасқырдай жалаңдап өткен Молдабердінің образын символмен ұтымды берген.

Автор неліктен кейіпкерін қасқырға айналдырды? Бұл ретте ел арасында тараған танымал аңыз желісімен келетін болсақ, халық қарғысына ұшыраған Қарынбай сараңның суырға айналуын тілге тиек етіп кетуге болады.

Жазушының «Келіншек таудағы тас түйелер» атты тағы бір мифтік шығармасында қыздың әке қарғысына ұшырап тасқа айналуының себебі тасбауырлығында жатса, сол Молдабергеннің қасқырға айналуы оның ашкөзділігінде болса керек.

Нәтижелер. Жазушылардың шығармашылығындағы реалистік әдісті мифологиялық логика элементтерімен біріктіру ұмтылыстары шығарманың құрылымын құруға, шынайы өмірді тұрақты мифологияның модельдер мен образдар арқылы түсіндіруге ықпал етті. А.И.Вонюковтың атап өткеніндей, [8.6] «шығарманың аты автордың атымен бірге нақты көркем жүйенің «белгісін», «символын», «формуласы» мен «формасын» білдіреді, ол өзіне шығарманың тақырыбын, идеясы мен пафосын жинақтайды».

«Миф» түсінігі мифологиялық есімнен мифологиялық образдан және мифологиялық баяндаудан тұрады. Бұны А.Ф.Лосев, О.М.Фрейденбург өз еңбектерінде атап кетеді. Есім ежелгі және алғашқы мифологиялық құрылым болып табылады. Ол образда және ритуалар салттар көрінеді. Салт \ритуал\ образды мифке сәйкес келеді, ал мифологиялық баяндау, өз кезегінде, мифтің түсініксіз сал-дәстүрді түсіндіру үшін пайда болады. Автор мифологиялық есімді қолдана отырып, біріншіден, образ сомдайды, екіншіден белгілі сюжетті қайта түсіндіреді, яғни жаңа стратигиялы есімге бағындыра отырып ой елегінен өткізеді, соның нәтижесінде баяндауды мифтендіру жүзеге асады.

Қазақ прозасындағы мифтендірудің негізгі формаларын былай жүйелеуге болады:

1. Барлық шығармаларда мифологиялық реминисценциялар мәтіннің әртүрлі деңгейлерінде байқалады. Мифологиялық есім белгі берілген шығарма атынан сюжетке, сюжеттік ситуацияға, құрылым түзуші, сөзге дейінгі деңгейде көрінеді.

2. Қазіргі қазақ прозасындағы мифтендіру көзқарастың көптік қағидасы бойынша көркем құрылымды ұйымдастыру арқылы жүзеге асады яғни мифологиялық мотивтер мен мифемдер жүйесі арқылы;

3. Мифологиялық реминисценцияны қолдану техникасында авторлардың шығармаға берген аты мәтін «формуласын» анықтайды, интерпретация кілтіне айналады, жалпы белгілі мифтегі сюжеттік іс-әрекеттерді қайта өңдейді. Осының нәтижесінде өзіндік көркем құрылымы бар жаңа миф дүниеге келеді. Ескі форма жаңа бір сипатқа ие болады.

4. Қазіргі мифтің көркем құрылымының маңызды элементтері мифологиялық сана, мифологиялық уақыт, мифологиялық кеңістік. Бұл үш құрамдас бөлік мәтінді ұйымдастырады, оған миф белгілерін береді. Өз кезегінде олар жаңа мифтің көркем құрылымына өзінің ішкі қасиеттерін бағындырады:

- барлығында бәрінің болуы;
- уақыт ағысында, иллюзия мен шынайылықта себеп пен салдардың біртұтастығы;
- жеке тұлға сезімінің жоқтығы, немесе оны «тұтастық» мәңгілік қайталаушылығы, тұйықтығы,

дискреттілігі;

Қазіргі прозаның мифопоэтикасын талдау нәтижесінде мифологиялық «элементтер» функциясын төмендегіше анықтауға болады:

– модельдеуші (мифологияның дүниетанымдары, күнделікті іс-әрекетте миф атмосферасын жасау);

– философиялық (мәңгілік айналу, мәңгілік қайта оралу немесе тұрмыстың мәңгілік жалғандығы туралы идея);

– құрылымдық (көзқарастың көп болуы соның салдарынан – мифологиялық образдың көптеген бөліктерге бөлінуі);

– поэтикалық жоғары және төмен, прозалық және асқақ, кітаби және ғылыми дискурстар тоғысынан құрылған баяндау стилінің сипатын анықтайды.

Миф шынай өмірге еніп, қарапайым адам образы, оның күнделікті өмірі, ол жасаған өркениет мифтендіріледі. Автор идеясына сәйкес мифологиялық дүниетаным бірде асқақ, бірде трагедиялық, бірде фарстық сипатта болуы мүмкін.

Қорытынды. Мифтер қазақ прозасында жаратылыс сырларын түсіндіруде және мен өмірдің мәніне үңілуде философиялық ой түйудің құралы ретінде көрінді. Қазақ прозасының әр түрлі бағыттарын көрсететін шығармаларда мифтендіру процесі әр қилы жүзеге асады, бір мифтері, мифологиялық мотивтер әр түрлі интерпретацияға ие болады. Бірақ қалай болғанда да әр қилы ерекшеліктері суреткерлер мақсаты да бар: ол – сенімді модельдер мен схемалар арқылы қазіргі өмірді қайта түсіндіруге ұмтылу. Тұтастай алғанда қазіргі қазақ прозасында миф ролінде тек тар мағынадағы мифология емес, тарихи аңыздар, тұрмыстық мифологиялық, тарихи-мәдени реальды жағдай, өткеннің танымал және белгісіз көркем мәтіндеріндегі көркем образдар көрінеді.

Мифологиялық құрылымдар адамзат өмір сүруінің алғашқы негіздерін анықтауға қолданылады, жаңа дәуірдің қақтығыстарын байыптауға тұрмыстың жалпы заңдылықтарын түсінуге көмектеседі.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1 Элиаде М. Миф о вечном возвращении // М. Элиаде – СПб, 1998. 407 б. - кітап

2 Жұмабаев М. Шығармалар. 2-3 том. – Алматы: «Білім». 1996 – 512 б. - кітап

3 Мекебаев А. Жер кіндігі. Роман, повестер. – Алматы: «Жазушы». 1992. – 463 б. – кітап

4 Қасқабасов С. Жаназық. – Астана: «Аударма». 2002. – 584 б. - кітап

5 Мелетинский Е.М. Поэтика мифа. – Москва: 1976. С. 407 - кітап

6 Қирабаев С. Адам тануға ұмтылыс. – Қазақ әдебиеті. 1980 ж. 11 желтоқсан.–газетте жарық көрген мақала

7 Досжан Д. Алыптың азабы. – Алматы: «Рауан», 1997. – 411 б. - кітап

8 Вонюков А.И. Поэтика заглавий и жанрового переделья русского романа к XIX-XX в.в. /А.И.Ванюков// Русский роман XX века: Духовный мир и поэтика жанра. Сб. Науч. Тр. Издательство Саратовского ун-та. 2001. С. 266.- кітап

References:

1. Eliade M. Mif o vechnom vozvrashenii // M. Eliade – SPb, 1998. 407 b. - kitap

2. Jūmabaev M. Şyğarmalar. 2-3 tom. – Almaty: «Bilim». 1996 – 512 b. - kitap

3. Mekebaev A. Jer kindigi. Roman, povester. – Almaty: «Jazuşy». 1992. – 463 b. – kitap

4. Qasqabasov S. Janazyq. – Astana: «Aударma». 2002. – 584 b. - kitap

5. Meletinski E.M. Poetika mifa. – Moskva: 1976. S. 407 - kitap

6. Qirabaev S. Adam tanuğa ūmtylyys. – Qazaq ädebieti. 1980 j. 11 jeltoqsan.–gazette jaryq körgen maqala

7. Dosjan D. *Alyptyñ azaby*. – Almaty: «Rauan», 1997. – 411 b.- kitap

8. Vonükov A.İ. *Poetika zaglavi i janrovogo peredely ruskogo romana k НН-НН v.v. /A.İ.Vanükov// Ruski roman НН века: Duhovnyi mir i poeika janra. Sb. Nauch. Tr. İzdatelstvo Saratovskogo un-ta. 2001. S. 266.- kitap*

МРНТИ 17.07.41

<https://doi.org/10.51889/2020-2.1728-7804.58>

Каримова Г.¹

¹ Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті,
Алматы, Қазақстан

ОРАЛХАН БОКЕЙ ТУЫНДЫЛАРЫНЫҢ КӨРКЕМДІК-ИДЕЯЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІГІ

Аңдатпа

Мақалада жазушы Оралхан Бөкей туындыларындағы Адам-Қоғам-Табиғаттың үштік тағаны кейіпкерлердің қиын да күрделі тағдыры негізінде түсіндіріледі. Қаламгер прозасындағы идеялық-көркемдік ізденістерге бүгінгі күн тұрғысынан баға беріле отырып, өзіндік қолтаңбасы анықталады. Қаламгер шығармаларындағы жалғыздық сарыны пайымдалады, өз уақытының Адам-Қоғам-Табиғат арқауындағы өзекті элеуметтік, рухани мәселелерін өзіне тән романтикалық мәнерде мейлінше реалистік негіздегі өзіндік жазу үлгісінде көркемдік кеңістігінде тоғыстыра білген шебер. Адамзаттың күрделі тағдырын ғана емес, іңкәр сезімінің нәзік иірімдерін берудегі адам психологиясын терең меңгерген ерекшелігі мен шеберлігі, зерделі зейіні нақтылы мысалдар негізінде талданып көрсетіледі.

Түйін сөздер: адам, қоғам, табиғат, тағдыр, жалғыздық, адам психологиясы

Каримова Г.¹

¹ Kazakh National Women's Teacher Training University,
Almaty, Kazakhstan

ARTISTIC AND IDEOLOGICAL PECULIARITIES OF WORKS BY ORALKHAN BOKEY

Abstract

The article explains the trinity of Man-Society-Nature in the work of writer Oralkhan Bokey through the complex and complex fate of the characters he created. Ideological and artistic research in the prose of a writer is evaluated in a modern context, thus determining the author's own signature. The problem of loneliness, which is widely reflected in the writer's work, is considered. The features and skills of the writer, who was able to convey not only the complex fate of mankind, but also the subtle threads of instinct, a deep understanding of human psychology, reasonable attention, are analyzed using specific examples.

Keywords: person, society, nature, destiny, loneliness, human psychology

Каримова Г.¹

¹ Казахский национальный женский педагогический университет,
Алматы, Казахстан

ХУДОЖЕСТВЕННО-ИДЕОЛОГИЧЕСКИЕ ОСОБЕННОСТИ ПРОИЗВЕДЕНИЙ ОРАЛХАНА БОКЕЯ

Аннотация

Статья объясняет триединство Человек-Общество-Природа в творчестве писателя Оралхана Бөкея через сложную и сложную судьбу созданных им персонажей. Идеологическое и художественное исследование в прозе писателя оценивается в современном контексте таким образом